

1. Тез суыту кезіндегі қождардың құрылымы
 - A) фарфор тәрізді
 - B) шыны тәрізді
 - C) күңгірт түсті
 - D) тас тәрізді
 - E) кристалл тәрізді
2. Булану жылуының температуралық тәуелділігін сипаттайтын теңдеу
 - A) Бойль
 - B) Кирхгоф
 - C) Ле-Шателье
 - D) Лаплас
 - E) Рейнольдс
3. Байков жіктеуіне сәйкес, темір монооксидімен салыстырғанда, беріктігі тең оксид
 - A) Cu_2O
 - B) Al_2O_3
 - C) TiO_2
 - D) MoO_2
 - E) Cr_2O_3
4. Шайырда жұтылған ионды десорбция процесі
 - A) элюирлеу
 - B) экстракция
 - C) конденсация
 - D) гидратация
 - E) дистилляция
5. Химиялық айнарудың және диффузия жылдамдығы тең болатын гетерогенды реакция режимі
 - A) диффузиялық
 - B) аралас
 - C) тізбекті
 - D) кинетикалық
 - E) жылуфизикалық
6. Әртүрлі еріткіштерді кен орнына құдықтар арқылы құюмен жынысты шаю әдісімен сілтісіздендіру
 - A) жерасты
 - B) автоклавты
 - C) астаулы
 - D) үймелеп
 - E) бактериалды

7. Оттегіге ұқсастығы жоғары қоспалардың шоғырлану орны
- A) металл фазасы
 - B) қож фазасы
 - C) сұйық металл түбі
 - D) қож үстіндегі кеңістік
 - E) конденсат
8. Негіздік қож түзуші оксид
- A) SiO_2
 - B) Cr_2O_3
 - C) TiO_2
 - D) FeO
 - E) Al_2O_3
9. Барлық әрекеттесуші заттар аппаратқа бір уақытта жүктелетін сілтісіздендірудің режимі
- A) параллель
 - B) кезеңдік
 - C) үздіксіз
 - D) тізбекті
 - E) жартылай үздіксіз
10. Ток гальваникалық элемент арқылы өткен кезде электрод потенциалының тепе-теңдік мәнінен ауытқуы
- A) поляризациялау
 - B) магнитті өтімдік
 - C) электрөткізгіштік
 - D) индукция
 - E) электролиз